

Кесте 5 – Бастапқы көмірлердің сипаттамалары

№	Көмірлердің атауы	Құрамы, масс. %		
		Ылғалдылығы, %	Күлділігі, %	Гумин қышқылдары, %
1	Шұбаркөл	9,6	32,2	3,5
2	Ой Қарағай	13,4	7,1	4,3
3	Екібастұз	11,5	31,6	0,6
4	Құшмұрын 1-сынама	19,3	8,0	9,7
	2-сынама	11,9	9,1	14,1
	3-сынама	18,1	7,9	15,6
5	Мирнен 1-сынама	2,3	51,4	0,9
	2-сынама	5,6	30,8	1,7
6	Алакөл 1-сынама	7,1	4,8	2,8
	2-сынама	7,6	4,5	1,9
	3-сынама	13,2	16,8	24,7
7	Қияқты 1-сынама	13,1	14,3	51,0
	2-сынама	8,5	13,4	42,1
8	Талдықөл 1-сынама	15,0	23,1	47,0
	2-сынама	9,6	26,1	45,1
9	Сарыкөл	10,1	10,6	48,9
10	Шөптікөл	11,3	9,5	49,0

3.1.2 Қияқты кен орнының көмірінің физика-химиялық сипаттамалары

Қияқты кен орнының қоңыр көмірі Қарағанды облысы Ұлытау ауданынан Жезқазған қаласының шығыс-батысына қарай 200 метр жерде орналасқан және осы өңірдің көмірі, БЗ технологиялық тобының – гумусты, қоңыр көмір санатына жатады. Кен орнының қоры 110 миллион тоннаны құрайды және 3 км² аумақты алып жатыр. Қияқты кен орнында 4 көмірлі қабат бар және олар төменгі юралық жаста.

Көмірдің орташа күлділігі –21%, ұшқыш заттар мөлшері–41,2%, шайыр мөлшері– 3,0÷7,5%, құрғақ күлсіз жағдайдағы жану жылуы –27,6÷28,4 МДж/кг құрайды. Тотығуға және өздігінен жану бейімділігіне байланысты Қияқты көмірін ІІІ топқа (тотығу мен өздігінен жану тұрақтылығы орташа көмірлер) жатқызылады. Мұндай көмірлер үймелерде оңай тұтанады. Оларды қоймада сақтау мерзімі 3 жылдан аспауы қажет.

Қияқты көмірлерінде улы микроқоспалар мөлшері, энергетикалық көмірлерге деген талаптар мөлшерінен аспайды. Радиоактивтілік көрсеткіші